

Мал ауруына байланысты шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Қарағанды облысы Шет ауданы Нұраталды ауылдық округінің әкімінің 2024 жылғы 23 мамырдағы № 1 шешімі

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпанындағы "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" №7-1/86 бұйрығының 2 тармағы 5 тармақшасы негізінде, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" ШЖҚ РМК Қарағанды облыстық филиалы ветеринариялық зертхананың 2024 жылдың 17 мамырындағы №SO-24-M09(16)-0762A-D сынақ хаттамасына сәйкес, бруцеллез ауруына оң нәтиже көрсетуіне байланысты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы "Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларын бекіту туралы" №7-1/587 бұйрығына сәйкес және Қазақстан Республикасы "Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шет аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекеме басшысының 23.05.2024 жылғы №18-1/114 санды ҰСЫНЫСЫ негізінде:

1. Шет ауданы Нұраталды ауылдық округінің Шопа ауылында "Бруцеллез" ауруының анықталуына байланысты індеттен сауықтыру мақсатында, ветеринариялық іс-шаралар толығымен атқырылған уақытқа дейін Шет ауданы Нұраталды ауылдық округінің Шопа ауылына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалысын қадағалау өзіме жүктелсін.

Қосымша: 2024 жылғы сараптама актісі №SO-24-M09(16)-0762A-D.

Е.К.Кутышев